

Емдеу кезінде дәрігерлер рецепі бойынша тегін берілетін дәрі-дәрмек құралдарының нозологиялық тізбесін кеңейту туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің қаулысы. 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 5/818. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 17 қаңтарда N 507 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 7 наурыздағы N 1/200 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 19 мамыр 1997 жылғы «Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау туралы» Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 5 мамыр 2002 жылғы N 674 "Ауру түрлері бойынша дәрілік құралдармен және тұрғындардың жеке категориясын емдік тағамдар мен балаларға арналған азық-түлікпен қамтамасыз ету шаралары туралы" Қаулысының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 18 қыркүйек 2000 жылғы N 1555 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 5 мамыр 2002 жылғы N 674 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» Қаулысының негізінде Алматы қалалық денсаулық сақтау бюджетінде қаралған қаражат шеңберінде 2003 жылы тұрғындарды тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін Алматы қаласының Әкімшілігі **қаулы қабылдады:**

1. N 1 қосымшаға сәйкес, дәрігерлер рецепі бойынша амбулаторлық емдеудегі ауру категориясына тегін дәрі-дәрмектік көмек көрсетілу үшін ауру түрлері категориясының қосымша тізбесі бекітілсін.

2. Алматы қ. Денсаулық сақтау департаменті (В.Девятко) тұрғындарды дәрі-дәрмектік құралдармен және балаларды арнаулы азық-түлік, емдік тағамдарымен қамтамасыз етуде жоғарыда көрсетілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулыларын және осы Қаулыны басшылыққа алсын.

3. Бұл қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің орынбасары А.З.Мурзинге жүктелсін.

Алматы қаласының Әкімі

Әкімшілік хатшысы

Алматы қалалық әкімшілігінің
2002 жылғы "23" желтоқсандағы

N 5/812 қаулысына N 1 қосымша

**Емдеу кезінде дәрігерлер рецепі бойынша
тегін берілетін ауру категориясындағы
амбулаториялық емдеу кезіндегі**

1. Жүректің ишемиялық ауруы
2. Созылмалы гепатит пен бауыр циррозы
3. Артроз пішінінің бұзылуы
4. Цереброваскулярлық аурулар
5. Асқазан мен ұлтабардың ойшық жарасы
6. Созылмалы панкреатит
7. Жүрек соғысының бұзылуы
8. Венаның варикозды кеңеюі
9. Қабынған склероз
10. Катаракта

11. Глаукома

Әкімшілік хатшысы